

2 Жас мамандар ант қабылдады



4 Қаламгерлер арасындағы қос турнир



Сыр бойы

№92 (21167) 25 маусым, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ АЙНАСЫ

24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні. Атаулы күні еліміздегі заң үстемдігін қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға тікелей жауапты мамандардың күнделікті маңызды еңбегі дәріптеледі. Тәуелсіз, әділ және ашық жұмыс істейтін сот билігі – кез келген мемлекет тұрақтылығының, құқықтық негіздері мен әлеуметтік-экономикалық дамуының басты кепілі.

Әділдік жолы тарихымыздағы хандар мен билерден бері қалыптасып, халқымыздың салтына етене араласып кетті. Сыр өңіріндегі сот жүйесі 1938 жылы Қызылорда облысының құрылуымен қатар қанағат тапты.

Кеше «Өнер орталығында» облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен Судья және сот қызметкері күніне орай салтанатты шара өтіп, оған Парламент Мәжілісінің депутаты Мақсат Толықбай, сала басшылары мен ардагерлер, сот қызметкерлері қатысты.

Аймақ басшысы сала қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, сот жүйесінің қоғамдағы орны мен заң үстемдігін қамтамасыз етудегі роліне тоқталды. – Өздеріңізге белгілі, Президент бастамасымен, халықтың қолдауымен қабылданған жаңа Конституциямыз алдағы шілде айында күшіне енеді. Ата заңымызда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту, заң үстемдігін қамтамасыз ету, әділетті қоғам құру басты мақсат ретінде белгіленген. Конституциялық реформаның нәтижесінде билік тармақтарының тепе-теңдігі нығайтылды, Конституциялық Сот қайта құрылды. Адам құқықтарын қорғау институттарының әлеуеті артты. Мұның барлығы – елімізді демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамытуға бағытталған жүйелі қадамдар.

Бүгінгі сот билігі – Конституция мен заңдардың қорғаны. Судьяның тәуелсіздігі – әділ сот төрелігінің кепілі. Азаматтардың сотқа деген сенімі – құқықтық мемлекеттің ең басты көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан қабылданған шешімдеріңіз әрдайым әділ, ал заң үстемдігі мен адам құқығы кез келген істе ең басты бағдар болсын, – деді облыс әкімі.



Жыныда облыстық сот төрағасы Әділхаді Шағымбаев сөз сөйледі. Сот саласының бірқатар қызметкеріне Премьер-министрдің бірінші орынбасарының Алғыс хаты, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, облыс әкімінің

Алғыс хаты, ҚР Жоғарғы Сотының «Құрметті суы», «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгілері, «Сот жүйесінің ардагері» медалі, Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

Сонымен қатар ҚР Судьялар одағының «Үш би», «Судьялар одағының құрметті мүшесі», «Жеті жарғы», т.б. марапаттары берілді.

ТАЛСУАТ: ТАРИХ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛЫС

Қалаға қарасты ауылдардың тыныс-тіршілігін саралап, ондағы тың бастама мен жарқын жобаларды оқырманға ұсынып келеміз. Мемлекет тарапынан елді мекендерді қолдауға бағытталған игі шаралар ауылдың еңсе тіктеуіне ықпал етуде. Сондай ауылдың бірі – Талсуат. Кейінгі кезде мұнда атқарылған ауқымды іс көп.

БҮГІНГІ АУЫЛ КЕЛБЕТІ

Ауыл қаладан он шақырым жерде, екі жарым мыңға жуық адам тұрады. Елді мекеннің жер көлемі 925 гектар, тұрмысы қалаға бергісіз. Мұнда өмір сүру жайлы болғандықтан, жастар көп. Жаңа жұмыс орындары ашылып, шаруашылықтар жанданып, әлеуметтік нысандардың бой көтеруі өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартты. Ауыл әкімі Ерлан Бейсенбаев атқарылып жатқан жұмысты, қолға алынған игі істерді айтып берді.

– Кейінгі жылдары ауылдың келбеті ажарланып, көркейіп келеді. Тұрғындардың әл-ауқаты артып, жағдай жақсарып жатыр. Даму жағынан басқа ауылдан қалыспайды. Барлық салада серпін бар. Мемлекеттік бағдарламалардың игілігі көп. Ауызсу, жол, тұтқи жарық, «көгілдір отын» мәселесі шешілді, – дейді ол.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ШЕЖІРЕСІ БАЙ

Талсуат сырт көзге қарапайым көрінгенімен, қойнауы тұнып тұрған тарих. Сырдария өзенінің оң жағалауына орналасқан елді мекеннің өткеніне көз жүгіртсек, патшалық Ресей кезіне кетеді. Бұл жерге 1853-1854 жылдары ішкі Ресейден орыс шаруалары жер аударылып келген. Жергілікті қазақтар ауылды «Александровск» деп атаған.

Кейін Қазан революциясының жеңісінен соң №18 ауыл болды. Іргесі 1929 жылы қаланып, «Комсомол» ұжымшарына қарады. 1950 жылдары колхоздар ірілендірілген кезде «Колос» және «Комсомол» колхоздары қосылып, «Талсуат» ауылы осы колхоздың бөлімшесі болған.



«СБ» ақпарат

1967 жылы Александровскіде геологтар мекемесі құрылып, жеке тұрғын үйлер салына бастайды. Мекеменің өз алдына балабақшасы, дүкені, асханасы, клубы болды, орталық жылу мен таза ауызсу жүйелері тартылды, жас мамандар тұрақтанды. Халық депутаттары облыстық кеңесі төрағасының қаулысымен «Қызыл-жарма» ауылдық кеңесінің Комсомол, Геологтар және Александровск ауылы қаланың әкімшілік-аумақтық бағынысына берілді. Осылайша 2005 жылы Талсуат ауылдық округі болып құрылды.

«Ел іші – алтын бесік» демекші, осы қарапайым қоныста талай тағдыр тоғысып, еңбек адамдары түлеп ұшты. Ауылдың еңсесі тіктеліп, шаруасы шырқықты. Міне, қарапайым ғана ауылдың әр сүрлеуі тарихтан сыр шертеді.

2-бет

/// ЕГІН-2026

ІРГЕЛІ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ЕГІНДІК АЛҚАБЫ

Егіннің бабы алажаздай бітпейді. Дикан қосындағы қарбалас қашанда қызу. Сол қым-қуыт тіршілік ауанын аймақтағы іргелі шаруашылықтың бірі – «Абзал және К» толық серіктестігінен байқауға болады.

Серіктестік биыл 4 мың гектар алқапқа күріш екті. Олардың арасында «Лидер», «Янтарь» секілді ресейлік және жергілікті сорттар бар. Сондай-ақ оған қоса Түркия мен Ресейден жеткізілген жаңа сорттар сынақтан өткізіліп жатыр. Дикандар күршіт дер уақытында толық егіп үлгерді. Десе де ауа райының қолайсыздығы егіннің өсуіне біршама кедергісін келтірген.

– Мамыр айындағы салқын және үздіксіз жел егіннің өсіп-жетілуіне біршама кедергі келтірді. Ал қазір ауа райы қарасым тұр. Күннің қызуы дақылдың толық өсіп-жетілуіне қолайлы. Шаруашылық еңбеккерлерінің тиянақты жұмысының нәтижесінде жылда жақсы өнім алып келеміз. Биыл да сол үдеден шығамыз деген ойдамыз. Өткен жылдары облыста су тапшылығы болды. Біз нақты іс-шара жоспарын жасап, күрделі кезеңде ешқандай қысылған жоқпыз. Сол іс-әрекет биыл да жалғасын тауып, егінге судың толық жетуін қадағалап отырмыз. Өзірге су жөнінен мәселе туындап отырған жоқ, – дейді компанияның коммерциялық директоры Сағидулла Сыздықов.

Қазір шаруашылықта 350 адам еңбек етеді. Қандай қиындық болса да серіктестік жұмысшылар санын қысқартқан жоқ. Дикандар әртарапандыру бағытында жоңышқа, бидай, жүгері және өзге де дақылдар көлемін арттырып келеді.

– Өзірге өзге дақылдардан түсетін табыс күршіттен төмен болып тұр. Өйткені, еліміздің өзге өңірлерімен салыстырғанда кейбір дақылдар үшін шығын көп. Соған қарамастан біз әртарапандыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз, – деді С.Сыздықов.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»



/// 23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ КҮНІ

94 ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Өңірде құқықтық тәртіпті сақтау, қылмыстың алдын алу және оны ашу, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бағытында жүйелі жұмыс бар. Осы жауапты міндеттерді атқаруда полиция қызметкерлерінің еңбегі зор.

Қазақстан полициясының кәсіби мерекесі күні Қызылорда қаласының орталық алаңында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен полиция қызметкерлеріне 94 арнайы автокөліктің кілтін табыстау рәсімі өтті.

Құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру үшін полиция департаментінің жедел-салалық қызметтерінің материалдық-техникалық базасы заманауи техникалармен толықтырылды. Жаңа қызметтік көліктер тергеу, анықтау, жедел-криминалистикалық, табиғат қорғау, көші-қон және өзге де бөлім-шелердің қызметтік міндеттерін жедел орындауына мүмкіндік береді.

Аймақ басшысы тәртіп сақшыларының қоғам алдындағы жауапкершілігіне, ел тыныштығы жолындағы еселі еңбегіне тоқталды.

– Президентіміз «Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айрықша маңызды міндет» деп атап өтті. Бұл тәртіп сақшыларының күнделікті қызметіндегі басты бағдары болуы тиіс!

Жергілікті атқарушы билік пен құқық қорғау органдары бірлесіп, үйлесімді жұмыс атқаруда. Кейінгі жылдары құқықбұзушылық азайып, өңірдегі қауіпсіздік пен жедел әрекет ету қызметтерінің жұмысы оң нәтиже берді.

Егемен еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғауда, қоғамда «Заң

мен Тәртіп» қағидатын орнықтыруда аянбай еңбек етіп, өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен орындай беріңіздер! – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, сәуір айында сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен полицияның патрульдік қызметкерлеріне 100 жаңа автокөлік табысталған болатын. Бүгінгі бастама құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық әлеуетін бұрынғыдан да нығайта түсті.

Рәсімде ҚР ПМ-нің Құрметті ардагері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Тастемір Рахимов, облыстық полиция департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы, заңтастағы полиция полковнигі Әмірбек Шаймағамбетов әріптестерін мерекемен құттықтап, ізгі тілек білдірді.



Суреттерді түсірген: Бағдат Есжанов

Валюта бағамы: \$ 486,19 kzt

€ 554,26 kzt

₺ 6,51 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +32°

☁️ +20°

Жұма ☁️ +33°

☁️ +22°

Күрметті оқырман!
2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ
«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы
6 айға – 5000 теңге

ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ТАБАНДЫ ЕҢБЕК



Кейінгі жылдары өңірдің полиция органдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 18 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Жұмыс тиімділігін арттырып, құқықбұзушылықтың алдын алуға, қылмысты жедел ашуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар енгізілуде.

Республикада алғашқы болып барлық ауданда Жедел басқару орталықтары ашылды, бейнебақылау жүйесі кеңейтілді. 2023 жылдан бері полиция қызметкерлеріне заманауи құралдармен жабдықталған 228 жана автокөлік табысталды. Кәсіби мерекелік полицияның жедел салалық қызметтеріне 94 заманауи автокөлік берілді.

«Өнер орталығында» облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен өткен Полиция күніне арналған салтанатты жиын алдында аймақ басшысы полиция қызметінің материалдық-техникалық әлеуетін арттыру мақсатында алынған арнайы техникалар көрмесімен танысты.

Салтанатты шараның ашылуында Оңұран орындалып, Ту көтерілді.

Аймақ басшысы полиция қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, құқық қорғау саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл — бүкіл қоғамның, әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты талабы. Біз сонда ғана Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз» деген болатын. Бұл міндеттер Сіздерден жоғары жауапкершілік пен табанды еңбекті талап етеді. Құқық қорғау органдарымен бірлескен жү-



йелі жұмыстың нәтижесінде өңірміздегі қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Кейінгі жылдары құқықбұзушылық көрсеткіштері едәуір төмендеді. Біздің мақсатымыз — тек көрсеткіш қуалау емес. Ең бастысы — құқықбұзушылықтың алдын алып, оның денгейін тұрақты төмендету. «Мемлекет пен азамат — біртұтас» қағидаты негізінде полиция халықпен ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнату қажет. Халықтың сенімі — Сіздерге үлкен жауапкершілік!

Еліміздің тыныштығы мен қоғамдық тәртіпті сақтаудағы қызметтеріңіз жемісті болсын! — деді облыс әкімі.

Жиында полиция қызметкерлері ҚР Премьер-министрінің, Премьер-министрдің бірінші орынбасарының Алғыс хатымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен, «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісімен, Ішкі істер министрінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен, естелік қол сағатымен, сондай-ақ облыстық полиция департаменті бастығының грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды.

Ішкі істер министрінің бұйрығына сәйкес бірқатар қызметкерге «Полиция полковнигі» шені табысталды.

ЖАС МАМАНДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Елімізде мемлекеттік қызметті жаңғыртуға бағытталған реформа жүзеге асты. Биыл 1 шілдеден бастап «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заң күшіне енеді. Оның негізгі бағыттарының және Президенттік жастар кадрлық резервінің мемлекеттік басқару саласына білікті жастарды тартудағы рөлі зор.

Қазіргі таңда өңірде 35 жасқа дейінгі 800-ге жуық жас мемлекеттік қызметші еңбек етеді. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Мемлекеттік қызметші күніне арналған салтанатты жиында бұл қызметтің ел дамуындағы айрықша маңызына тоқталып, кәсіби мерекемен құттықтады.



— Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мемлекеттік қызметшілер — Әділетті Қазақстанды құрудың басты қозғаушы күші» деген болатын.

Мемлекетке қызмет ету — ең құрметті әрі аса жауапты міндет. Отанды шексіз сүю, туған елдің дамуына аянбай үлес қосу — әрбір азаматтың парызы.

Мемлекеттік қызметшінің бойындағы кәсібилік, адалдық сынды қасиеттер еліміздің өркендеуінің негізіне айналуға.

Сыр өңірінен елге адал қызмет етудің нағыз үлгісін көрсеткен талай қайраткер тұлғалардың шыққанын әрдайым мақтанышпен айтамыз. Оның ішінде халықтың сүйікті перзенті атанған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбеқұлы Сапарбаевтың орны ерекше. Асыл азаматтың өнегелі жолын бейнелейтін «Сапарбаев тұлғасы» кітабы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен жарыққа шыққан болатын. Кітаптың таныстырылымы жақында ғана Қызылорда қаласында өтті.

Бұл еңбек — барша мемлекеттік қызметшілерге, жастарға адалдық пен еңбекқорлықтың мәнін түсіндіріп,

мемлекеттік қызметтің қадір-қасиетін терең сезіндіретін рухани мұра.

Мемлекеттік қызметші — еліміздің өсіп-өркендеуіне, тұрғындарымыздың сенімін ақтап, әл-ауқатын арттыруға үлес қосатын, қоғамда адалдық пен әділеттіліктің үлгісін көрсететін халықтың айнасы.

Жауапкершілігі жоғары салада өздеріңізге жүктелген міндет пен жоғары сенімді ақтауда бар күш-жігерлеріңіз бен білімдеріңізді жұмсап, адал қызмет ете беріңіздер, — деді облыс әкімі.

Іс-шарада бірқатар қызметкер мен сала ардагерлері Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің, Премьер-министрдің бірінші орынбасарының Алғыс хатымен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен, облыстық Құрмет грамотасымен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мерекелік басқосуда Президент Жарлығына сәйкес мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған жастар салтанатты түрде ант берді.

«СБ» ақпарат

ТАЛСУАТ: ТАРИХ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛЫС

БАРЛЫҚ САПАДА ҚАРҚЫН БАР

Ауылда әлеуметтік нысандар салынып ел игілігіне берілген. Бәрі де заман талабына сай. Бүгінде №178 орта мектепте 400-ден аса оқушы білім алады. Олар ҰБТ көрсеткіші бойынша жоғары нәтижеге қол жеткізіп келеді. Балабақша мәселесі де шешімін тапқан. «Заңғар» мемлекеттік балабақшасы 90 орындық, 80 бала тәрбиеленуде. Ал «Алан Орда» жеке балабақшасына 85 бала барады.

Ауылда №5 қалалық емханаға қарасты Талсуат ауылдық дәрігерлік амбулаториясы жұмыс істейді. Онда 8 маман еңбек етеді.

Жеке кәсіпкердің демеушілігімен спорт кешені ашылды, онда 2 үйірме бар. Каратэ және казак күресі үйірмесіне 120 бала қатысады. Спортшылар облыстық, қалалық және республикалық жарыстарға қатысып, жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Жас өрендерді спортқа баулу үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Ауылда балаларға арналған 3 ойын алаңы бар.

Инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыс жүйелі. Әлеуметтік қызмет көрсететін 3 мекемеге жаяу жүргіншілер жолы салынып, жарықтандырылды. Көшелерге жарық бағаналарын орнату, тас төсеу, «Тағзым алаңын» абаттандыру, көркейту жұмысы жасалды. Сондай-ақ Астана, Алматы, Ақмешіт, Отырар, О.Сауытбаев, С.Нұрмағамбетов көшелеріне жарық жүргізілді. А.Құнанбаев көшесінің бойына бейнебақылау камералары орнатылды. Аяқсу мәселесі шешімін тауып, егін егуге толық мүмкіндік бар. Ауылға №31 бағыттағы автобус уақытылы қатынап тұр. Мал басы еселеніп, тұрғындар төрт түлкіті өткізіп отыр.

КӘСІПКЕРЛІК ӨРКЕН ЖАЙҒАН

Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан барлық қолдау жасалуда. Әсіресе, кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті ауыл тұрғындары үшін мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдікпен берілетін несиелер қарастырылған.

Кейінгі жылдары елді мекенде шағын кәсіпкерлік дамып келеді. Атап айтсақ, ауылда 186 кәсіпкер бар. Былтыр 7 кәсіпкер тіркеліп, 7 жұмыс орны ашылды. «Бизнес-Бастау» бағдарламасы аясында 7 адам білім алып, қайтарымсыз грантка құжат тапсырған. Нәтижесінде 5 тұрғын грант жеңіп алды. Сондай-ақ былтыр 34,2 млн теңгенің 2 жобасы қаржыландырылды. Ауыл тұрғыны «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы «Іскер» бағдарламасы аясында 6 пайызбен несие алса, енді бірі «Байқоңыр ӨКК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысып, жобасы қолдау тапты.

Мәселен, «Хан Бекіре 11» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің иесі Ғалымжан Нағиев балық шаруашылығымен он жылдан бері айналысады. Ол бекіре, бактақ, албырт балықтарын өсіреді. Кәсіпкер 4 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Мемлекеттік бағдарламаға қатысып, шаруасын дөңгелентті. «Ауыл аманаты» арқылы жеңілдетілген несиеге қол жеткізді. Қаражатқа бекіре шаруашылығына қажетті құрал-жабдығын алды.

Гүлжан Кәрімова «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы кондитерлік



казак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша оқыдым. Оқуды ойдағыдай бітіріп, «Талсуат» ауылдық әкімдігіне жұмысқа орналастым. Мұнда жастарға барлық жағдай қарастырылған. Аталған бағдарламаға қатысып, бірреттік көтерме жәрдемақыны алдым. «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасына бұрын тек дәрігер, мұғалім мамандар ғана қатыса алатын еді ғой. Бұл қатарға мемлекеттік қызметкерлердің де қосылғаны қуантады. Ендігі кезекте бар білімім мен күш-жігерімді ауылдың өркендеуіне жұмсама деген ниетім бар, — дейді ол.

Мұнда Жанерке секілді мемлекеттік бағдарламаның игілігін көрген жастар жетерлік.

МӘДЕНИЕТТІҢ ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН

Ауылдық клуб үйінің жұмысы жанданып келеді. Ұлт руханиятының, мәдениеттің шырағын жаққан мекеменің ісі ауқымды.

Бұрын ауылдардағы клуб үйі шағын, ескі ғимарат еді. Концерт, кино көруге болатын. Күнделікті бас сұғатын адам жоктын қасы. Кейде аудан орталығынан келген өнерпаздар концерт қойып кететін.

Қазір жағдай өзгерген. Келушілер қатары артқан. Қайнаған тіршілік. Бірі кітапханаға, енді бірі үйірмеге, дайындық жұмыстарына келеді. Адам қарасы үзілмейді.

Бюджет қаржысына мәдениет үйлері жаңғыртылып, кітапхана, қолөнер, отбасы бұрыштары жасақталды. Кей-бірінде дыбыс жазу студиялары ашылған. Ауыл балаларының уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында үйірмелер жұмыс істейді. Текемет басу, тоқыма тоқу, ұршық иіру сынды ата-бабадан келе жатқан қолөнерді сақтап қалу үшін жұмыс атқарылады. Нәтижелі істердің арқасында дарынды өнерпаздар байқауларда топ жарып, ауыл мерейін үстем етеді.

Осы орайда «Талсуат» ауылдық клуб үйінің жеткен жетістіктері аз емес. Бұл жайында клуб үйінің директоры Айнагүл Жайдариева кенінен айтып берді.

— Жыл басынан бері түрлі форматтағы мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Ауыл тұрғындарының мәдени өмірге деген қызығушылығы жоғары. Бүгінде клуб жанында 7 үйірме тұрақты жұмыс істейді. «Жас дәурен» вокал, «Әсем әуен» дәстүрлі ән, «Ақкербез» би, «Ана тілі — жүрек үні» көркемөз оқу шеберлері, «Алақай» балалар қуыршақ театры, «Іскер» қолөнер үйірмесі және «Ақ өже» әжелер ансамблі өз жұмыстарын жүйелі жүргізіп келеді. Үйірмелерге 103 өнерпаз тартылған, — дейді ол.

Клуб жанындағы өнер ұжымдарының жетістіктері де аз емес. «Ақкербез» би үйірмесі Түркістан қаласында өткен «Наурыз Fest» республикалық өнер байқауында бас жүлде және I орын иеленсе, «Жұлдызды сәт» республикалық балалар байқауынан I орын, XI республикалық «Би Fest — 2025» байқауынан II орын алды. Сонымен қатар облыстық «Жұлдызды би алаңы» және «Сырлы биім — елге сайым» байқауында жүлделі III орынды иеленіп, «TANM ART»



республикалық өнер байқауынан I орынды еншіледі.

«Жас дәурен» ән үйірмесінің өнерпазы Жайсаң Рамазанға «KZINSPIRE» халықаралық көпжырлы балалар байқауынан бас жүлде бұйырса, вокал тобы I орынға лайық деп танылды. Ал «Әсем әуен» домбыра үйірмесінің өнерпаздары халықаралық

байқауда бас жүлде жеңіп, Баку қаласына жолдама алды. «Ақ өже» әжелер ансамблі мүшелері де қалалық және облыстық байқауларда арнайы жүлделерге ие болып, ауыл мерейін үстем етті.

Сонымен қатар Көпен Әмірбектің 75 жылдығына арналған облыстық монолоф сайысында Мүтәліп Айжігітұлы бас жүлде жеңіп алды. Композитор Сейітұлла Бәйтеректің 80 жылдығына арналған облыстық әншілер байқауында Әйгерім Шүкірбаева жүлделі II орынға ие болды. Күләш Жанмұратованың жетекшілігімен құрылған «Алақай» балалар қуыршақ театры биыл «Жеті лақ» және «Ит пен мысық» ертегі-қойылымдарын сахналады. Ұжым облыстық «KYZYLORDA MUSICAL» драма үйірмелері байқауында жүлделі II орынды иемденді.

Талсуат ауылдық клубының мамандары да кәсіби байқауларда жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Облыстық «Үздік әдіскер — 2025» кәсіби байқауында клуб әдіскері Аслан Қошқаров бас жүлде иеленсе, «Үздік үйірме жетекшісі — 2025» облыстық байқауында Гүлмайра Айжигітқызы да жүлдеге ие болды.

Жалпы ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігі осылай өрбиде. Бастысы, дамудың даңғыл жолына бет бұрған ауылдың жаңашылдыққа ұмтылғаны көңіл қуантады.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы», Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



1-бет

Сыр бойы

№92 (21167) 25 маусым, бейсенбі 2026 жыл

НАЗАР

3

Қызылорда облысы әкімінің 2026 жылғы 22 маусымдағы № 122 қаулысы

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕМЕКЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКИТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 22 МАУСЫМДАҒЫ №1154 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2018 жылғы 22 маусымдағы № 1154 қаулысына келесі өзгеріс енгізілгенін көрсетілген қаулыммен бекітілген «Қызылорда

облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулымен тудытылған шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданыса енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **МЕРГЕШБАЕВ**

Қызылорда облысы әкімінің 2026 жылғы «22» маусымдағы № 122 қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімінің 2018 жылғы 22 маусымдағы № 1154 қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

- «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын реттеу салаларындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімі уәкілетті берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
- Басқарманың ведомстволары жоқ.
- Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Ұкіметінің актілеріне, өзге де құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
- Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы, белгіленген мөр және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрбағандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.
- Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.
- Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда өз мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.
- Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамда белгіленген тәртіптен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделген шешімдер қабылдайды.
- Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.
- Заңды тұлғаның жетілуді мен экономикалық өсуге жәрдемдеу мақсатында агрофермерсіздік кешенді даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.
- Өзіндік жер қатынастары реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.
- Өкілеттіктері:
- Құқықтары:
- Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамда белгіленген тәртіптен:
- Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша Басқарманың мүдделерін білдіру;
- Мемлекеттік органдардың ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан жақетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;
- Өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара і-қимыл жасауға;
- Өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;
- Қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;
- Міндеттері:
- заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;
- қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге, және және заңдылық тұлғаларды басқаруда олардың өтіншілерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіптен алу бойынша жауаптар беруге;
- жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;
- қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндет.
- Функциялары:
- өз құзыреті шегінде агрофермерсіздік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- ауыл шаруашылығы дақалары етіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша кешенді (амекордан) жасау;
- қимнаттың өзгеруіне озадықты бағалауды өз құзыреті шегінде жүргізу;
- қимнаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі басқымдар мен шараларды өз құзыреті шегінде айқындау;
- қимнаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;
- өз құзыреті шегінде айқындалған, қимнаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігін мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру және мониторинг пен бағалау нәтижелері негізінде осы шараларды түзету;
- Мыналарды:
- агрофермерсіздік кешенінің дамуына;
- аық-түлік тауарларына мониторинг жүргізу;
- өз құзыреті шегінде тиісті өкімшілік-аумақтық бірлікте агрофермерсіздік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- агрофермерсіздік кешені субъектілеріне «Агрофермерсіздік кешені және ауылдық аумақтарды дамыту» мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы заңдағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- агрофермерсіздік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті өкімшілік-аумақтық бірлікте өсімдіктерді қорғау мен олардың қарантін жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды ұйымдастыру;
- нормативтік құқықтық бағана, баға, техникалық, келендік, салықтық, кредиттік, сақтануы қызметін жетілдіру, сондай-ақ агрофермерсіздік кешен саласындағы техникалық реттеу және мемлекеттік саясатты мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;
- агрофермерсіздік кешені өнімдерін тауарлық ілгерілету жүйесін ұйымдастыру;
- өз құзыреті шегінде агрофермерсіздік кешені салаларын маманданған қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру, агрофермерсіздік кешені кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
- шығаратын өнім түрлері бойынша оңирлік көрселер, жәрменкелер ұйымдастыру;
- «Агрофермерсіздік кешеніндегі үздік кәсіп неси» конкурсын өткізу;
- агрофермерсіздік кешені өнімінің саудасы бойынша көтерме базарлар ұйымдастыру;
- аық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің, бағалардың және агрофермерсіздік

- өз құзыреті шегінде агрофермерсіздік кешені салаларының бөлекке қабілеттілігін сапалы және дегеріне жетілуді мен экономикалық өсуге жәрдемдеу мақсатында агрофермерсіздік кешенді даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- өзіндік жер қатынастары реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.
- Өкілеттіктері:
- Құқықтары:
- Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамда белгіленген тәртіптен:
- Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша Басқарманың мүдделерін білдіру;
- Мемлекеттік органдардың ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан жақетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;
- Өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара і-қимыл жасауға;
- Өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;
- Қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;
- Міндеттері:
- заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;
- қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге, және және заңдылық тұлғаларды басқаруда олардың өтіншілерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіптен алу бойынша жауаптар беруге;
- жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;
- қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндет.
- Функциялары:
- өз құзыреті шегінде агрофермерсіздік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- ауыл шаруашылығы дақалары етіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша кешенді (амекордан) жасау;
- қимнаттың өзгеруіне озадықты бағалауды өз құзыреті шегінде жүргізу;
- қимнаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі басқымдар мен шараларды өз құзыреті шегінде айқындау;
- қимнаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;
- өз құзыреті шегінде айқындалған, қимнаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігін мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру және мониторинг пен бағалау нәтижелері негізінде осы шараларды түзету;
- Мыналарды:
- агрофермерсіздік кешенінің дамуына;
- аық-түлік тауарларына мониторинг жүргізу;
- өз құзыреті шегінде тиісті өкімшілік-аумақтық бірлікте агрофермерсіздік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- агрофермерсіздік кешені субъектілеріне «Агрофермерсіздік кешені және ауылдық аумақтарды дамыту» мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы заңдағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- агрофермерсіздік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті өкімшілік-аумақтық бірлікте өсімдіктерді қорғау мен олардың қарантін жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды ұйымдастыру;
- нормативтік құқықтық бағана, баға, техникалық, келендік, салықтық, кредиттік, сақтануы қызметін жетілдіру, сондай-ақ агрофермерсіздік кешен саласындағы техникалық реттеу және мемлекеттік саясатты мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;
- агрофермерсіздік кешені өнімдерін тауарлық ілгерілету жүйесін ұйымдастыру;
- өз құзыреті шегінде агрофермерсіздік кешені салаларын маманданған қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру, агрофермерсіздік кешені кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
- шығаратын өнім түрлері бойынша оңирлік көрселер, жәрменкелер ұйымдастыру;
- «Агрофермерсіздік кешеніндегі үздік кәсіп неси» конкурсын өткізу;
- агрофермерсіздік кешені өнімінің саудасы бойынша көтерме базарлар ұйымдастыру;
- аық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің, бағалардың және агрофермерсіздік

2-тарау. Басқарманың мақсаттары, функциялары мен өкілеттіктері

- Мақсаттары:
- өзінде агрофермерсіздік кешені салаларының бөлекке қабілеттілігін сапалы және дегеріне жетілуді мен экономикалық өсуге жәрдемдеу мақсатында агрофермерсіздік кешенді даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- өзіндік жер қатынастары реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.
- Өкілеттіктері:
- Құқықтары:
- Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамда белгіленген тәртіптен:
- Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша Басқарманың мүдделерін білдіру;
- Мемлекеттік органдардың ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан жақетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;
- Өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара і-қимыл жасауға;
- Өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;
- Қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;
- Міндеттері:
- заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;
- қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге, және және заңдылық тұлғаларды басқаруда олардың өтіншілерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіптен алу бойынша жауаптар беруге;
- жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;
- қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндет.
- Функциялары:
- өз құзыреті шегінде агрофермерсіздік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- ауыл шаруашылығы дақалары етіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша кешенді (амекордан) жасау;
- қимнаттың өзгеруіне озадықты бағалауды өз құзыреті шегінде жүргізу;
- қимнаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі басқымдар мен шараларды өз құзыреті шегінде айқындау;
- қимнаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;
- өз құзыреті шегінде айқындалған, қимнаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігін мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру және мониторинг пен бағалау нәтижелері негізінде осы шараларды түзету;
- Мыналарды:
- агрофермерсіздік кешенінің дамуына;
- аық-түлік тауарларына мониторинг жүргізу;
- өз құзыреті шегінде тиісті өкімшілік-аумақтық бірлікте агрофермерсіздік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- агрофермерсіздік кешені субъектілеріне «Агрофермерсіздік кешені және ауылдық аумақтарды дамыту» мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы заңдағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- агрофермерсіздік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті өкімшілік-аумақтық бірлікте өсімдіктерді қорғау мен олардың қарантін жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды ұйымдастыру;
- нормативтік құқықтық бағана, баға, техникалық, келендік, салықтық, кредиттік, сақтануы қызметін жетілдіру, сондай-ақ агрофермерсіздік кешен саласындағы техникалық реттеу және мемлекеттік саясатты мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;
- агрофермерсіздік кешені өнімдерін тауарлық ілгерілету жүйесін ұйымдастыру;
- өз құзыреті шегінде агрофермерсіздік кешені салаларын маманданған қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру, агрофермерсіздік кешені кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
- шығаратын өнім түрлері бойынша оңирлік көрселер, жәрменкелер ұйымдастыру;
- «Агрофермерсіздік кешеніндегі үздік кәсіп неси» конкурсын өткізу;
- агрофермерсіздік кешені өнімінің саудасы бойынша көтерме базарлар ұйымдастыру;
- аық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің, бағалардың және агрофермерсіздік

/// МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

ТЕМІРЖОЛ ҚОЛШАМЫ

Жосалы вокзалы – Сыр өңіріндегі тарихи маңызы ерекше теміржол бекеттерінің бірі. Қармақшы ауданында орналасқан бұл станция ХХ ғасырдың басында теміржол қатынасындағы дамуына байланысты салынды. Жосалы станциясы «Орынбор-Ташкент» теміржол магистралі бойында орналасып, аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал етті.



1905 жылы іске қосылған «Орынбор-Ташкент» теміржолы қазақ даласындағы ең маңызды көлік жолдарының біріне айналды. Бұл жол арқылы Орта Азия мен Ресей байланысы, халықтың қатынасы жеңілдеді. Жосалы станциясы сол кезеңнен бастап Сыр бойындағы негізгі теміржол нүктелерінің бірі болды. Кеңес дәуірінде Жосалы вокзалы арқылы жүк тасымалы мен жолаушылар қозғалысы үздіксіз жүріп отырды. Станция маңында теміржолшыларға арналған үйлер, шеберханалар, қызметтік ғимараттар салынды. Жосалы бірте-бірте теміржолшылар қалашығына айналды. Ол кезде қазіргі замандағыдай автоматты бағдарламалар, электронды жүйелер, радиобайланыс толық дамыған еді. Сондықтан пойыздардың қозғалысын бақылау, қауіпсіздігін сақтау тікелей теміржолшылардың жауапкершілігінде болды. Олар арнайы белгі құралдарын пайдаланды. Солардың ішіндегі ең маңызды теміржолшының қолшамы еді. Түнгі уақытта немесе қалың туман кезінде мемлекеттік белгі беру оңай болмаған. Осындай сәттерде қолшам теміржолшылардың негізгі көмекшісіне айналды. Қараңғы түнде әліс гана жарық берген бұл шам пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз еткен маңызды құрал болды. Қазір Қармақшы аудандық тарихи-

музейінде сақталған бұл қолшам – ХХ ғасыр басында пайдаланылған теміржолшылардың белгі беру шамы. Экспонат Бұл экспонат – өткен ғасырдағы теміржол мәдениетінің сыр шеретіні тарихи мұра. Музейдегі қолшам алғаш қарағанда қарапайым ғана ескі теріп шам секілді көрінеді. Бірақ оның артында қатпарлы тарих жатыр. Бұл шам талай теміржолшының қолында түнгі кезекшіліктің күүсі болған. Қолшам негізінен теміржол қызметкерлеріне арналған арнайы белгі беру құралы ретінде пайдаланылған. Әсіресе түнгі уақытта, тұманды күндері, боран мен дауыл кезінде пойыздардың қозғалысын реттеу барысында қолданылған. Теміржолшылар шам арқылы машинистерге түрлі белгі берген. Сол кезеңде қауіпсіздік толықтай адам еңбегіне тәуелді болғандықтан, мұндай құралдардың маңызы өте зор еді. Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану



Теміржолшылар осы тұтқа арқылы шамды қолға ұстап жүрген. Сонымен қатар бұйрыңдегі арнайы темір төлке арқылы ұзын ағаш сыртықа іліп пайдаланған. Бұл алыстан белгі көрсетуге ыңғайлы болған. Қолшамның ішінде керосинмен жанатын жанарғы орналасқан. Төменгі бөлігіндегі кішкентай ауа тесіктері оттың бір-қалыпты жануына көмектескен. Ал жарық арнайы шынылар арқылы сыртықа таралған. Түрлі-түсті шынылар арқылы машинистерге арнайы белгілер берілген: қызыл түс – тоқтау, жасыл түс – қозғалыса рұқсат, басқа түстер – ескерту белгісі қызметін атқарған. Қазір экспонат толық сақталмаған. Ішкі жанарғы бөлігі жоғалған. Өкінерсіз тарихи. Қарамастан қолшам өзінің сыртқы құндылығы жоғалтпаған.

Теміржолшының белгі беретін қолшамы – өткен ғасырдағы теміржол қызметінің күзегі. Бұл қарапайым ғана шам сол кезеңдегі теміржолшылардың ауыр еңбегін, жауапкершілігін және техникалық мүмкіндіктерін көрсетеді. Қараңғы түнде әліс гана жарық берген бұл шам талай сапарда теміржолшының еңбек құралы болды. Осындай музей экспонаттары өткен мен бүгінді байланыстырып, жақ ұрпақтар тарихтың үнін жеткізетін ерекше құндылық болып саналады. Барнағаш САХИЕВА, Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің әккурсоводы

ҚР ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНІҢ САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) күшіне енгені бері салық саласындағы дауларды шешуді мүлдем жаңа кезеңі басталды. Бұл кодекс салық төлеушілер (бизнес пен азаматтар) мен салық органдары (мемлекет) арасындағы қарым-қатынасты теңестіруге бағытталған маңызды құралға айналды. Әкімшілік рәсімдердің шіндеттері: Жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтары, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыру; жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу; тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету; мемлекеттік басқаруды фирмалық трансформациялау; жария-құқықтық саладағы заңдылықты ыңғайту; біркелкі әкімшілік практиканы қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақыттылы шешу болып табылады. Сонымен қатар, Соттың бөленді ролі айқындалды. Бұрын сот тек екі тараптың жекеленген үждерін тындылған бейтарап төреші еді. Қазір әкімшілік сот судьясы процесс бөлшеді араласалы. Егер салық төлеуші (әсіресе шағын бизнес немесе азамат) маңызды құрағатты табы алмай жатса, сот өз бағтамасымен салық органынан немесе басқа мемлекетпен тоқтатыл делелдерді сұрата алады. Жоғарыдағыларды қорыта келгенде, ӘРПК мемлекеттік органдардың неғұрлым ашықтығын, мұқият және заңдылықты қатаң сақталуын басты мақсат етті.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

Облыстық қоғамдық даму басқармасы және «Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы, облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Раушанбекұлына ағасы **Нұрбек Күзембайұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН
Аймураев Қожамжар Абдра-суллаевтің атына Қызылорда облыстық Полиция департаментінен берілген Ішкі Істер органдарының ардагері күзлігі жоғалдыны байланысты жарамсыз деп есептелсін.

/// КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ҚАЛАМГЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚОС ТУРНИР

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында қала әкімдігінің ұйымдастыруымен бильярд және үстел теннисінен турнир өтті. Спорттық шараның мақсаты – журналистер арасында салауатты өмір салтын насихаттап, әріптестік байланысты нығайту.



Турнирдің ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов сөз сөйлеп, қатысушыларды кәсіби мерекемен құттықтап, жарысқа сәттілік тіледі.

Алдымен ер-азаматтар арасында өткен бильярдта журналистер шеберлігін сынап, тартысты әрі қызықты ойын өрнегін көрсетті. Әр кездесуде ойыншылардың дәлдігі, сабырлылығы мен жеңіске деген ұмтылысы байқалып, бәсеке жоғары деңгейде өтті.

Турнир қорытындысымен Қызылорда қоғамдық телеарнасының қызметкері Ержан Батыршаев жеңімпаз атанып, I орынды иеленді. II орынды «Qazaqstan» ұлттық арнасының меншікті тілшісі Әділбек Жаханов еншіледі. Ал III орын «Qyzylorda» телеарнасының өкілі Жангелді Әлібаева бұйырды. Сондай-ақ жарыста белсенділік танытқан қатысушылар арнайы номинацияға лайық деп танылды. Атап айтсақ, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидиновке, журналист Дүйсенбек Аяшұлына және «Халық» ЖШС бөлім басшысы Ерлан Бегалиев, «77» телеарнасының операторы Бақытжан Бегімбайға марапат табысталды.

Журналист қыздар да үстел теннисі турнирінде өздерін тек қалам шебері ғана емес, спорт алаңында белсенді әрі бәсекеге қауіпсіз екенін көрсетті. Жарыс қорытындысымен «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Аружан Оралбай I орынды иеленді. Қызылорда қоғамдық



телеарнасынан Гүлнұр Ерниязова мен Шапағат Торғай II және III орынды өзара бөлісті. Аталған турнирде әріптесіміз, «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі Сара Алайбаева ынталандыру сыйлығымен марапатталды.

Айта кетейік, бір күнде өткен қос турнирдің жеңімпаздарына қала әкімінің арнайы марапаттары мен қаржылай сыйлығы берілді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Құттықтаймыз!

Қызылорда қаласының тұрғыны, «Мелиоратор» ЖШС-ның бас аспазшысы Қосжанова Динара Бақытжанқызын маусымның 27 жұлдызында 44 жасқа келуімен шын жүректен құттықтаймыз!

Өзінді бәрі сыйлаған,
Өзінсің бізде сыйлы адам.
Құтты болсын туған күн,
Гұмырлы болсын Динарам.

Күлімдеп тұрған жанарың,
Шытпайды әркез қабағың.
Аспазшы біздің Динара,
Дәмді қып берген тамағың.

Жүз жасқа келсін жасыңыз,
Шаттанып, толқып тасыңыз.
Жарқырап, жайнап жүре бер,
Жақсыға толсын қасыңыз.

Тілейміз саған сәттілік,
Өмірді берсін тәтті ғып.
Өзіңмен мәңгі біргеміз,
Жолыңды берсін ақ қылып.

Ізгі ниетпен ұжымдастары
атынан
Ерұлан БАЗАРБАЙҰЛЫ

ҰМЫТЫЛМАС ҰСТАЗ

1985-1990 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (бұрынғы С.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университеті) тарих факультетінің студенті кезімізде партия ұйымының хатшысы міндетін тарих ғылымының кандидаты, «Қазақ КСР тарихы» кафедрасының доценті Сүлеймен Тұрғанбайұлы Тұрғанбаев атқарып жүрді. Ол кісіні сыртынан ғана білдік және ол факультеттегі әртүрлі ресми жиындарда төрақа мүшелерінің бірі болып отыратын.



«Қазақ КСР тарихы» кафедрасына ассистент болып қабылданып, кеше ғана өзіме дәріс оқыған ұстаздарыма әріптес болғанда замандастарының бәрі дерлік «Сүлейке» деп атайтын доцент Сүлеймен Тұрғанбаев та мені жылы қабылдап, ағалық қамқорлығын көрсетті.

Ол табиғатынан қарапайым, сабырлы, жүзінде белгілі бір принциптерге негізделген талап қойғыштық пен қаталдық байқалып тұрады. Бұл партия ұйымының хатшысы міндетін атқарып жүргендіктен болар деп ойлаймын. Негізінен ғалым адамның бойында адами және ізгілік қасиеттердің басым болатынын дәлелдеп жату артық.

«Қазақ КСР тарихы», одан кейін «Қазақстан тарихы» кафедрасында үш жылдай қызмет жасағанымда оның бір әріптесімізге, не студенттерге дауыс көтергенін көрмеймін де, естімеймін де. Кейде әңгіме барысы шиеленісіп бара жатса, ортасына Сүлейке түсіп, мәмілегерлікке шақырып, екі жақты татуластырып жіберетін.

Бұл эпизод – Сүлеймен Тұрғанбайұлының өміріндегі өзім көрген бір ғана оқиға. Ал оның Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтындағы, 1971-1992 жылдары университетіміздің тарих факультетіндегі жас ғалымдарға жасаған ағалық көмегі мен қайырымдылық істері қаншама десеніңіз? Сүлейкенің еңбек жолы университеттен соң Ғылым академиясының президиумында насихатшы-референт болып басталған екен. Ол заманда бір ғана насихатталатын партия бар, Коммунистік партияның саясаты.

Өзіміздің университеттің архивінде жеке іс сақталған екен. Онда суреті, өмірбаяны, өткізгіштері, жеке іс парағы, ғылыми жұмыстарының тізімі және тағы сол сияқты қол қойылған, мөрі басылған құжаттар сақталған. Құжаттардың көбісі өз қолымен жазылыпты және толтырылыпты.

Сүлеймен Тұрғанбайұлы 1937 жылы 4 қазанда Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық кеңесіне қарайтын Октябрь атындағы колхозда колхозшы шаруаның отбасында дүниеге келген. Ол ауыл кейіннен «Талап» совхозы деп қайта құрылады. Жетіжылдық мектепті бітіріп, 1950-1953 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының (қазір Түркістан облысы) Түркістан станциясындағы №19 қазақ орта мектебінде оқиды. Мектептен соң 1953 жылы бірден С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне қабылданды. 1958 жылы университетті өте жақсы аяқтап, «Тарихшы және орта мектептерде тарих пәнінің оқытушысы» деген мамандық бойынша диплом алды. Сол жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының (ҚР ҰҒА) президиумына насихатшы-референт болып жұмысқа орналасты. Қазақ және орыс тілдерін жетік білген, неміс тілін де тәуір меңгерген ол осы бағыт бойынша өзін болашағын зор үміт күттірет жас маман ретінде көрсетті. Үш жыл референт болып жұмыс істейді де, ғылымнан күдерін үзбейді. Сөйтіп, 1961 жылы Тарих, археология және этнография институтына кіші ғылыми қызметкер болып ауысады.

1963 жылы аспирантураға қабылданып, оны 1966 жылы аяқтайды және «1928-1941 жылдардағы Қазақстандағы совхоздар құрылысы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясының қолжазбасын уақытында институттың бөліміне тапсырды. Бірақ та институт басшылары жас маманның кандидаттық диссертациясын қорғауға жіберуге асықпайды. Өйткені 1967 жылы Кеңес одағында ұлы мереке, яғни Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы болып саналды да, оған 1965-1966 жылдары дайындық жүргізіледі.

«Октябрь революциясы және социалистік құрылыс» бөлімінде жұмыс істейтін болғандықтан, күштің негізгі салмағы осы бөлімге, оның ішінде бөлімдегі Сүлейке секілді жас мамандарға түседі. Олар 1967 жылы «Қазақстан Ұлы Октябрь революциясы кезінде» Оқиғалар жылынамасы» атты ұжымдық монография даярлап, баспадан шығарды. Мұндағы бір тараудың, «Қазақстан азамат соғысы жылдарында» Оқиғалар жылынамасы» атты бастамаға жерігерлен тағы бір кітаптың авторларының бірі болды. Бөлімдегі ең жас және екі тілде бірдей жазатын маман, барлық жұмыстан бас тартпайды, сапалы, сауатты және уақтылы орындап отырады. Міне, осындай жұмыс жас ғалымның кандидаттық диссертациясын қорғауға мұрша бергізбейді.

Сүлейке 1971 жылы ақпан айында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. «Қазақ КСР тарихы» кафедрасына конкурстық негізде доцент болып орналасты. Сол кезден бастап, 22 жыл бойы ғылыми-педагогикалық қызмет атқарды. Алғашқы жылы кафедра меңгерушісінің орынбасары болып жүргенде ақылдан аймайтын. Дайындалған диссертациясын қорғау үшін бес жылдай уақыты кеткен. Нағыз ордабұзар шағында, 29-34 жастағы арасында сол кездегі саясат бойынша ұлы мерекеге арнап талай еңбек жазып, оны жариялаумен, әртүрлі анықтамалар мен жоғарыдан түсетін түрлі қағаздарға жауап жазумен айналысқан. Маған сол жолға түсіп кетпе, тезірек ғылыммен айналысып, ғылыми дәрежеге ие бол деп берген кеңесі екен ғой.

Сүлеймен Тұрғанбайұлы көп ауырған жоқ, білдірмей жүріп тез кетіп қалды. 1993 жылдың көктем айының бірінде үйінің алдында қоштасу рәсімі өтті. Өзіміздің кафедрадан Ә.Хасенов, С.Жолдасбайұлы, Ал Ғылым академиясынан досы Кенес Нұрпейісовтың болғаны есімде. Қаралы митингінде Кенес ағамыз сөз сөйледі. Жақын туыстары марқұмды туған жері Жаңақорғанға, ата-анасының жанына апарып жерледі.

Сүлейкенің 1959 жылы туған Ерік атты ұлы болды. Шамамен, 1991-1992 жылдары ағамыздың өте қатты қуанған сәтін көрдік. Кафедрадағы жалғыз телефоннан біреулермен хабарласып, немерелі болғанын айтып жатты. Кейін қаланың ортасындағы үйін сатып, ұлы басқа ауданға көшкен екен. Сол кезден бастап ағамыздың отбасымен байланыс мүлде үзіліп қалды. Кейінгі жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жақсы бір дәстүр қалыптасқан. Университетте ұзақ жыл еңбек етіп, артында өшпес із қалдырған ғалымдарды мәңгі есте қалдыру мақсатында әр факультеттегі кафедралар қолдаушылардың көмегімен арнайы атаулы шәкіртқағы тағайындап, оны ең үздік оқитын, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын, сондай-ақ әлеуметтік жағынан аз қамтылған студенттер мен магистранттарға тапсырады. 100 мың теңге көлеміндегі профессор Сүлеймен Тұрғанбайұлы атындағы шәкіртқағының жақын жерлес інісі, тарих факультетінің 1993 жылғы түлегі, белгілі кәсіпкер және танымал меценат Байқадам Абласанов он жылдай уақыт бойы үзбей беріп келеді. Байқадам секілді жанашыр, рухани пікірлес інілері тұрғанда тарих ғылымының кандидаты, доцент Сүлеймен Тұрғанбайұлы Тұрғанбаевтың есімі тарихшы шәкірттері арасында ешқашан ұмытылмайды. Оның зерттеу еңбектерінің кеңестік кезеңдегі тарихнамада өзіндік орны бар.

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы



/// ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

МЕССИ ТАРИХ ЖАЗДЫ, РОНАЛДУ РЕКОРД ЖАҢАРТТЫ

2026 жылғы футболдан Әлем чемпионатының топтық кезеңіндегі екінші тур аяқталып, турнирдің алғашқы үлкен қорытындылары белгілі болды. АҚШ, Канада және Мексикада өтіп жатқан дүбірлі дода жанкүйерлерге тартысты кездесулерді ғана емес, тарихи рекордтар мен күтпеген сенсацияларды да сыйлады.

Екінші турдың басты кейіпкері сөзсіз Лионель Месси болды. Аргентина құрамасының капитаны Австрияға қарсы матчта дубль авторы атанып, Әлем чемпионаттарындағы голдарының санын 18-ге жеткізді. Осылайша 39 жастағы аңыз шабуылшы Германия құрамасының бұрынғы сұрмергені Мирослав Клозениң 16 голдық рекордын жаңартып, Әлем чемпионаттары тарихындағы ең үздік бомбардир атанды. Бір қызығы, Мессидің 18 голының 11-і оған 35 жас толғаннан кейін соғылған. Бұл оның шеберлігі мен тұрақтылығының айқын дәлелі.

Мессиден қалыспай келе жатқан жұлдыздар да бар. Франция құрамасының көшбасшысы Килиан Мбаппе мен Норвегияның басты қаруы Эрлинг Холанд өз матчтарында дубль жасап, бомбардирлер жарысында аргентиналық сапалақтан небәрі бір голға ғана қалып тұр. Ал Мбаппе Ирак қақпасына екі мәрте дәл соққы жасап қана қоймай, Франция құрамасы сапындағы 100-матчына шыққан ең жас футболшы ретінде тағы бір тарихи белесті бағындырды.

Португалия құрамасы алғашқы турдағы сәтсіздіктен кейін Өзбекстанды 5:0 есебімен ойсырата жеңіп, өзінің күш-қуатын көрсетті. Бұл кездесуде Криштиану Роналду екі гол соғып, тағы бір тарихи жетістікке қол жеткізді. Ол Әлем чемпионатының қатысу санынан (6 мәрте) тарихи жетістікке жеткен алғашқы футболшы. 2006 жылдан бері әрбір мундиальда мергендік танытып келе жатқан португалиялық шабуылшы сондай-ақ Әлем чемпионаттарындағы гол саны бойынша Эйсебионы басып озып,



Португалияның жаңа рекорд иесіне айналды.

Турнирдің басты тосынсыздарының бірі Кюрасао құрамасының өнері болды. Халқы небәрі 158 мың адамды құрайтын шағын мемлекет Эквадормен 0:0 есебімен тең түсіп, мундиальдағы алғашқы ұпайына қол жеткізді. Матчтын басты қаһарманы – қақпашы Элоу Ром. Ол қарсыластардың 15 соққысын қайтарып, өз командасын жеңілістен құтқарды. Филадельфиядағы Франция мен Ирак арасындағы кездесу де ерекше оқиғаман есте қалды. Найзағай мен күшті дауылға байланысты матчтың үзілісі екі сағаттан астам уақытқа созылып, бұл мундиаль тарихындағы ең ұзақ үзілістердің біріне айналды. Соған қарамастан француздар ойынның екінші бөлігінде үш гол соғып, сенімді жеңіске жетті.

Екінші турдан кейін плей-офф жолдамасын мерзімінен бұрын қамтамасыз еткен алғашқы құрамалар да анықталды. Мексика, АҚШ,

Германия, Аргентина, Франция және Норвегия екі матчтан кейін-ақ 1/16 финалға шығуын ресми түрде рәсімдеді. Әсіресе Германияның нәтижесі назар аударғалы: немістер Кюрасаоны 7:1 есебімен талқандап, кейін Кот-д'Ивуарды жігерлі ойынның арқасында жеңіп шықты.

Ал кейбір құрамалар үшін Әлем чемпионатының ертегісі ерте аяқталды. Гаити, Түркия, Тунис және Иордания құрамалары екі турдан кейін-ақ келесі кезеңге шығу мүмкіндігін толық жоғалтып, турнирмен қош айтысты.

Қызықты статистикаға назар аударсақ, Англия құрамасы Ганамен 0:0 есебімен тең ойнап, қатарынан төртінші Әлем чемпионатында топтық кезеңдегі екінші матчында жеңіске жете алмады. Бұл ағылшындар үшін түсініксіз дәстүрге айналып бара жатқандай.

Жалпы алғанда, екі турдың қорытындысы бойынша 2026 жылғы Әлем чемпионаты рекордтарға, тарихи оқиғаларға және күтпеген нәтижелерге толы турнир ретінде қалыптасып келеді. Месси өзінің есімін тағы бір мәрте футбол тарихына алтын әріптермен жазса, Роналду жаңа белеске көтерілді. Ал Кюрасао секілді дебютанттар әлем футболында ғажайыптардың әлі де болатынын дәлелдеп отыр. Енді жанкүйерлердің назары топтық кезеңнің шешуші үшінші турына ауады. Дәл сол кездесулерде плей-оффтың толық құрамы анықталып, Әлем чемпионатының жаңа қаһармандары белгілі болмақ.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақпалы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.